

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 156 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2000 жылғы 13 шілде N 1068 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.10. N 1300 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 156 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 6, 40-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Р е г л а м е н т і н д е :

39-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қорытынды, осы Регламенттің 20-тармағымен белгіленген тәртіпте, Үкімет мүшелерімен келісілген және Премьер-Министр не оның орнындағы адам қол қоятын, Үкіметтің шешімдері не Үкіметтің хаты түрінде ресімделеді.";

4 9 - т а р м а қ т а :

1) бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Үкімет пен Премьер-Министр кесімдерінің атқарылу мерзімін Премьер-Министр, оның орынбасарлары және Премьер-Министрдің келісімімен, мемлекеттік органның бірінші басшысының не оның міндетін атқарушы адамның белгіленген тәртіпте енгізілген жазбаша өтінішінің негізінде Кеңсенің Басшысы ұзартуы мүмкін. Құжаттың атқарылу мерзімін екі реттен артық ұ з а р т у ғ а ж о л б е р і л м е й д і " ;

2) мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Егер тиісті тапсырмада өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік органдар - Үкімет пен Премьер-Министр кесімдерінің қосымша атқарушылары, ол үшін белгіленген орындау мерзімі өткенге дейін 3 күннен кешіктірмей, жинақтауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға өз ұсыныстарын енгізуге міндетті";

5 2 - т а р м а қ т а :

1) бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер тапсырманы белгіленген мерзімде орындау мүмкін болмаса, тапсырманың орындалуы үшін жауапты мемлекеттік органның бірінші басшысы (не оның міндетін атқаратын адам) кідірістің себептері туралы хабарлауға және белгіленген тәртіпте оны орындау мерзімін ұзарту туралы өтініш жасауға тиіс.

Тапсырманы орындау мерзімін екі реттен артық ұзартуға жол берілмейді";

2) мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Егер тиісті тапсырмада өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік органдар - тапсырманы қосымша атқарушылар, оған белгіленген орындау мерзімі өткенге дейін 3 күннен кешіктірмей, жинақтауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға өз ұсыныстарын енгізуге міндетті".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі